

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі

Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйимы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сыныш	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Тогызбаева Жақсыгүл Арапбаева Гулнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	13.02 -17.02.2023				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сарсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					

Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызыны, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, менгерген дағдылар жайлы ақпарат беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (енбек іс-әрекеті)</p> <p>"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сұртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс істегендеге келесі ережелерді сақтауға үрету: женді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сыйғу, ластанған кезде оны сумен шаю. (енбек іс-әрекеті)</p> <p>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (енбек іс-әрекеті)</p> <p>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдалап, оларды мұқият желімдеуге үрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (енбек іс-әрекеті)</p> <p>"Оз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне құтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (енбек іс-әрекеті)</p>

	<p>Үстел үсті ойын. "Жартысын тап". Мақсат-міндеттер. Зейінін дамыту, байқампаздыққа үйрету. Балалар тұрмыстық техниканың жарты бөлігін табады. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</p>	<p>"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтүге тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</p>	<p>"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті. Балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауды, тілін дамыту. Ойын ережесі. Екі затты алғып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс-</p>	<p>"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</p>	<p>Санамақ Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Онға дейін санды біз Қолымызға алайық! Бір,екі, үш Таңдайықшы тұс. Төрт,бес, алты Тату доспыз жалпы. Жеті, сегіз, тоғыз Мынау - қоңыр қоңыз, Мына саным-он, Қыста кием тон. (қарым-қатынас іс- әрекеті)</p>
--	--	---	---	--	---

			әрекеті)	
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.</p> <p>1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5 - 6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шенбер жасайды; 7 - 8 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында.</p> <p>1 - онға бұрылу, сол қолын он қолына тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жакқа қайталау. 5 - 8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; 9 - 10 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.</p> <p>1 - аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге лента ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұсташа керек (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.</p> <p>1 - 3 - алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, лента ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, ленталарды толқыннату; 4 - тез тіктеліп, лента ұстаған қолдарын артына жіберу; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығу 8 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұсташа.</p> <p>1 - тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, лента ұстаған қолдарын толқыннатып, жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - келесі аяғымен жаттығуды қайталау (жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1- 4 - лента ұстаған қолдарын онға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу; лентамен толқынды қимылдар жасау; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығуды 4-5 рет қайталау).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.</p> <p>1 - он қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 8-10 рет қайталанады).</p>			

	8. Тыныс алу гимнастикасы. (дene шынықтыру)				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тاماқтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тاماқтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бәрінен де зейінді". Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру,	"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру,	Жаңылтпаштарды қайталау. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. (көркем әдебиет)

	әрекеті, зерттеу іс-әрекеті	<p>сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты, Алтын сәүле таратты.</p> <p>Жарқырады күніміз.</p> <p>Жарқырайды даламыз.</p> <p>Қайырлы таң,</p> <p>Қайырлы күн,</p> <p>балалар!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жаттығуларын жасату.</p> <p>(зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)</p>	<p>сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты, Алтын сәүле таратты.</p> <p>Жарқырады күніміз.</p> <p>Жарқырайды даламыз.</p> <p>Қайырлы таң,</p> <p>Қайырлы күн,</p> <p>балалар!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйимдастырылған іс-әрекет	Саят ашу негіздері "[ж] дыбысы және Жж әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету.	Саят ашу негіздері "[ж] дыбысы және Жж әрпін пысықтау". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету.	Математика негіздері "Футбол көруге барғанда" Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" саны және цифрен таныстыру; 10 көлеміндегі санды тұра және кері санауға жаттықтыру;	Математика негіздері "Футбол көруге барғанда" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" саны және цифрен таныстыру; 10 көлеміндегі санды тұра және кері санауға жаттықтыру;	Саят ашу негіздері "[п] дыбысы және Пп әрпі". Мақсат-міндеттер: [П] дыбысын және П әрпін таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Құрастыру "Біз көмекшіміз" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыш

Қазақ тілі	Математика негіздері	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	материалдары:
"Тұрмыстық техника мен адам. "Тұрмыстық техника патшаны қалай іздеді?" өлеңін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балалардың азак тіліндегі өлеңді тыңдауға, техниканың пайдасы туралы ойлауға, өлеңнің жолдарын дәйексөз түрінде айтуда дағдыландыру.	"Футболшылар қатарының реттік саны" Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" санымен таныстыру, санның ең кіші сан және барлық сандардан кем саны туралы түсіндіру; 10 көлеміндегі санды тұра және кері санауга жаттықтыру.	"[Л] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [Л] дыбысының артикуляциясын нақтылақ, [Л] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуда үйрету, көру және есту қабілетін дамыту.	"Компьютер пайдалы ма, әлде зиян ба?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып өту; балаларға компьютерді дұрыс пайдалану туралы айтуда.	цилиндр, тақтайша, текше, кірпіш, призманы пайдалана отырып жүк көлігін құрастыруды үрету.
Дене шынықтыру				Дене шынықтыру "Қалай өрмелей аласындар?" (пысықтау)
"Гимнастикалық сатыда әртүрлі тәсілмен өрмелейу" Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық сатыда түрліше тәсілмен өрмелейуге үйрету.	"До-Ре-Ми" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажыратада білу, ән айтуда оның әуенниң мағынасын эмоционалды қабылдай білу, топпен ілесе білу		Музыка "Біз шадыман баламыз" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне үйрету.	Музыка "Біз шадыман баламыз" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне үйрету.
			Көркем әдебиет "Қол не үшін керек?" (қайталау)	
				Мақсат-міндеттер: әнгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек затты ұсташа үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен
			Коршаган ортамен	

	<p>Қоршаган ортамен таныстыру "Тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техниканың адам тіршілігіндегі алатын орны жайындағы білімдерін жалпылау және тиянақтау; тұрмыстық техника түрлерін қолдану ережелерін пысықтау.</p>	<p>қабілетін жетілдіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Компьютер пайдалы ма, әлде зиян ба?" Мақсат-міндеттер: балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып ету; балаларға компьютерді дұрыс пайдалану туралы айтуды.</p>	<p>"Қол не үшін керек?" Мақсат-міндеттер: эңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек затты ұсташа үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатының үғындыру.</p>	<p>таныстыру "Тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: ьалалардың күнделікті өмірде адам қолданатын электр құрылғыларының түрлері мен мақсаты, олардың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін жалпылау.</p>	<p>жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатының үғындыру.</p>
2- таңғы ас	Тағамның атаяны есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және күміне қутім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қардың түсін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)	Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)	Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)	Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-	Қыстайтын құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-

Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер.	әрекеті)	әрекеті)
Маусымдық құбылыс - қардың түсүі туралы білімдерін бекіту.	Карға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, коректенуі, көбеюі туралы білімдерін терендету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылууды тәрбиелеу.	Кар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға тәрбиелеу.
Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.	Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.	Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдың қарын тазарту.) (еңбек іс-әрекеті)	Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (агаштардың айналасына қар күреу.) (еңбек іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттер. Еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету.
Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер. Заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша	Қимыл - қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша	Қимыл - қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі

	<p>Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қымыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанага тигіз" (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту.</p>	<p>"Каргалар". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машиқтандыру.</p>	<p>жылдам әрекет ете білуге үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникаларын жетілдіру, женілдікті, жігерлі қымылдарды қалыптастыру. (дene шынықтыру)</p>	<p>бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; затты лақтырғанда дәлдік пен күшті дамыту.</p>
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне құтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Көркем сөз</p>				

	<p>Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>															
Күндізгі үйкі	Балалардың тыныш үййіттауына жайлы жағдай жасау.															
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әттүрлі массаж (уқалау) жасайды.</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)</p>															
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)															
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 20%;">Вариативті компонент. Жас зерттеуші</td><td style="width: 20%;">Дидактикалық ойын.</td><td style="width: 20%;">Дамытушы жаттығу.</td><td style="width: 20%;">Дамытушы жаттығу.</td><td style="width: 20%;">Дамытушы ойын. "Сынық телефон".</td></tr> <tr> <td>"Үйдегі тұрмыстық техника"</td><td>"Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы</td><td>"Қанша затты көрсөн, сондай санды көрсет". Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзben көріп, санап</td><td>"Не жоқ?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа</td><td>Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; үйимшылдыққа тәрбиелеу.</td></tr> <tr> <td>Мақсат-міндеттер: адам көмекшілері туралы білімдерін көнегіту, адам өміріне</td><td></td><td></td><td></td><td>Шарты.</td></tr> </table>	Вариативті компонент. Жас зерттеуші	Дидактикалық ойын.	Дамытушы жаттығу.	Дамытушы жаттығу.	Дамытушы ойын. "Сынық телефон".	"Үйдегі тұрмыстық техника"	"Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы	"Қанша затты көрсөн, сондай санды көрсет". Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзben көріп, санап	"Не жоқ?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа	Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; үйимшылдыққа тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: адам көмекшілері туралы білімдерін көнегіту, адам өміріне				Шарты.
Вариативті компонент. Жас зерттеуші	Дидактикалық ойын.	Дамытушы жаттығу.	Дамытушы жаттығу.	Дамытушы ойын. "Сынық телефон".												
"Үйдегі тұрмыстық техника"	"Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы	"Қанша затты көрсөн, сондай санды көрсет". Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзben көріп, санап	"Не жоқ?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа	Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; үйимшылдыққа тәрбиелеу.												
Мақсат-міндеттер: адам көмекшілері туралы білімдерін көнегіту, адам өміріне				Шарты.												

	және еңбек етуінде көмекші болатын электртоғы, тұрмыстық техника туралы білімдерін арттыру.	тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.	ала білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуде ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шашашандығын дамыту.	тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12ге де жеткізуге болады.	Балалар бір қатарға отырады. Жүргізушіні санамак арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындалап, оны бұзбау шарт екенін түсіндіру керек. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыйырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сөзді сыйырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауысын шығарып бәріне жариялады.
	Дидактикалық ойын. "Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктір". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың (құбылыстардың, жан-жануарлардың, адамдардың, ұғымдардың) ортақ қасиеттерін байқап, біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар.	Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қызы – жағадағы құндызы,	қоралдар. Түрлі заттардың топтамалары келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат". Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен	Балалар көзін жұмып түрғанда, педагог ойыншықтың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды. Ойын бірнеше рет қайталаңады. (қарым-қатынас іс-әрекеті,	

Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы андар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша, көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады.	жақсы жігіт – көктегі жұлдызы. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".	саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік эрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сырпайлыққа тәрбиелеу.	шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын.	Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бараптакы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.
(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сырпайлыққа тәрбиелеу. Құралдар.	шеберханасы". Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы үғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбеккорлыққа
Сюжетті-рөлдік ойын.	Сюжетті-рөлдік ойын.	Жасанды кеме бортын құрастыру	 (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	
"Балабақша". Мақсат-міндеттер. Балалардың				

<p>балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі жұмысы туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Балабақшада жұмыс істейтін мамандарға қажетті құралдар (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы).</p> <p>Шарты.</p> <p>Алдымен балалар өз еркімен балабақша қызметкерлерін тағайындауды.</p> <p>Мамандардың рөлін</p>	<p>"Автобус".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар (жүргізуі және тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Балабақшада жұмыс істейтін мамандарға қажетті құралдар (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы).</p> <p>Шарты.</p> <p>Алдымен балалар өз еркімен балабақша қызметкерлерін тағайындауды.</p> <p>Мамандардың рөлін</p>	<p>үшін, орындықтарды еki бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері);</p> <p>капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары;</p> <p>тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық құралдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тәрбиесінің белгілі қатарларда тізіліп тұруы;</p> <p>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы;</p> <p>билеттер</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлыштар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысадын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуі сияқты Шарты.</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Ұшақпен сапар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру;</p> <p>ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп</p>
---	--	---	---	---

<p>ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жұмыстарын жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады.</p> <p>(қарым-қатынас іс- әрекеті, шығармашылық іс-</p>	<p>жинақтамасы, оыйнышқ смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты. Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақытта әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды.</p> <p>Педагог (бақылаушы)</p>	<p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.</p> <p>Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді.</p> <p>Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет</p> <p>атқаратындарын біртінде түсіндіреді.</p> <p>Ойын кезінде</p>	<p>мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, оыйнышлар арасында сейлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Сонында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді</p>	<p>ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды еki қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш- пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргүзге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, оыйнышқ чемодандар, оыйнышқ смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін</p>
--	---	---	---	---

	әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуі "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндік болса, педагог дыбыстық хабарландыруды жазып қояды. Салоннан шыққан және ішіне кірген	тиянақтау сұраптары гана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үlestіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса,	жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сактау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнеказбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса,
--	---	--	--	--	--

	<p>балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орындарын беру туралы өнегені көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобусқа отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс- әрекеті, шығармашылық іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс-</p>	<p>педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек;</p> <p>тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.</p>	<p>пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тәгайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп</p>
--	---	--	---

		әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң үшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындей бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу;
--	--	----------	---	---

салонда шуламау,
көршісіне кедергі
жасамау; ұсынған
тағамды алу; демалу;
ұшақ қонғаннан
кейін белбеуді шешу,
қол жүгін алып
шығу.
Стюардессалар мен
ұшақтың пилотына
қажетті нұсқауларды
беріп жүргені дұрыс;
балалар өз рөлдерін
міндеттерін біртіндеп
менгеріп алады.
Ойынның соында
қорытынды жасауға
болады: ұшақпен
сапарға шығу кезінде
көптеген ерекше
ережелерді орындау
керек;
жолаушылардың
демалыстары үшін
көптеген адамдар
қызмет етеді; әуежай
мен ұшақ салоны -
қоғамдық орын; ұшақ

					- ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс- әрекеті, шығармашылық іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа	"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың үқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік корларын жетілдіру: үқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді	Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. (көркем әдебиет)	"Тұрлі-түсті жолақтар" дидақтикалық оийны. Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуши қолын жоғары көтерсе,

	<p>ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қыышаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Қыышақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>		<p>балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыптыратады. Кім қателессе, сол жүргізуі атанады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)			
Серуен	Тұсқі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сез</p>			

	<p>Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарau және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстau ережелерімен таныстыру. Жазу параграфында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратада білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегендеге қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуда, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауда, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауда мүмкіндік беру.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуда (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айтуда дауыспен ән айтуда, ән айттар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айтуда, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуда. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айтуда дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және</p>

шығармашылықпен орындауға баулу. Өнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**)

Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сзықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғакты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біркітіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).

Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (**танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті**)

Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигуralарға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тен және тен емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (**зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті**)

Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың тірі тіршілік іесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (журеді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары,

	<p>қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру.</p> <p>Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсіні маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<p>«Балаңызben қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.</p>	<p>«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды көресіздер?»</p>	<p>«Айна бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.</p>	<p>Ата-аналар үшін ашық есік күнін үйимдастыру.</p>

Әдіскер:

А.А.Сулейменова